

Бекітемін

ЖШС «Шалхар-Ата» балабақшасы

Менгерушісі:  А.Медетова



«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»

Тәрбиешілер: А.Дауренова

Э. Усенбаева

2022-2023ж

«Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік»

Армысыздар, құрметті қонақтар, ұстаздар және біздің балабақшамыздың бүлдіршіндері! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына арналған «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер! Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны бөлек мереке. Тәуелсіздік ең басты құндылығымыз.

Жүргізуші: Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау өлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,

Тәуелсіз Қазақстан елім менің.

Олай болса бүгінгі мерекемізді әсем әнмен бастайық.

Ән: «Қазақстаным»

Жүргізуші: Қазақпын, еңселі елмін егеменді,

Кеңейттім кең әлемге керегемді.

Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар,

Таныды тепе тең деп тереземді.

Қазақпын қойнауы құт, жері дархан,

Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам дей тұрып кезекті
балаларымыздың тақпақтарына береміз.

Раяна: Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Мерекеге ел тосқан,

Атамменен барғанмын.

Кәусар: Мерекеге шығады,

Бүкіл халық, біліп қой.

Отандастар ұғады,

Тәуелсіздік ұлық той.

Самира: Аралаймын алаңды,
Тәуелсіздік күні мен.
Батыр Қайрат ағамның,
Суретіне үңілем.

Ермұхамед: Он алтыншы желтоқсан.

Жания: Тәуелсіздік еліміз,
Мәңгі жасар жеріміз.
Тәуелсіздік жасаған,
Аға, әпкелеріміз.

Бектас: Тәуелсіздік елдеміз,
Қуанамыз күнде біз.
Ата бабам қалдырған,
Қазақтың біз батырымыз сенсеңіз.

Перизат: Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімнің керегесі.
Тату тәттә боп халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі.

Ұлданай: Қазақстан менің Отаным,
Атыңды әнге қосамын.
Шарықтап өсіп, дами бер,
Біліммен үлес қосамын.

Райымбек: Намысты бермей қолынан,
Күрескен соның жолында.

Елім деп кеткен ерлерім,
Еркіндікті сендер әперген.

Ж.Алинұр: Біз бақытты баламыз,
Тәуелсіз елдің ұраны.
Мәңгі жасап, гүлденеміз,
Ұлы елдің қыраны.

Жанерке: Отан деген атамекен,
Отанымды сүйемін мен.
Отан жерім, Отан елім.
Міне менің Қазақ жерім.

Қ.Айзере: Егеменді елдің біздер,
Ұланымыз жас қанат.
Апайларға сәлеміміз,
Құттықтаудан бастаймыз.

Ән: «Көк тудың желбірегені»

Рамазан: Отан анаң аяулы,
Отан әкең ақылшың.
Отан асыл арманның,
Аялаған өз елін.

Асылым: Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен тек.
Елдің ашық қабағы.

Әбілхайыр: Алтын күн аспаны,

Алтын дін даласы.

Айтатын әнұран,

Қай елдің баласы. (Қазақ елінің баласы)

Айсана: Еліміздің тірегі,
Жеріміздің жүрегі
Бас қаланың есімін
Қане кім біледі. (Астана)

Б.Айзере: Көк аспанның түсі бар,
Ортасында күні бар.
Қыран ұшқан қалықтап,
Кімнің туы біліп ал. (Қазақстан мемлекетінің баласы)

Амина: Туымыздан күн қарап,
Күлімдейді әлемге.
Күнмен бірге қандай құс,
Қанат қаққан бар елге (Қыран)

Нұрасыл: Арқасына күнді алып,
Қыранымыз самғап жүр.
Көк туымыз желбіреп,
Жер мен көкті жалғап тұр.

Құндызай: Әділдік жеңіп соңында,
Тәуелсіз болды еліміз.
Татулықпен бірлікпен,
Гүлдей бер туған жеріміз.

Мейіржан: Тәуелсіздік келді деп,

Оралды қайта салтымыз.

Баянды болғай енді тек,

Бақытты біздің халқымыз.

Т.Алинұр: Қазақ жері Қазақстан,

Мөлдіреген ашық аспан.

Алыс кетсем сағынамын,

Отаным сен Қазақстан.

Би: «Тәуелсіз елдің қызымын» Қыздардың орындауында.

Би: «Алға қазақстан» Флешмоб.

Жүргізуші: Үлгі бізге ағалардың ерлігі,

Ұлағатты өнегелі еңбегі.

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,

Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі дей келе бүгінгі тәуелсіздігіміздің
31 жылдығына арналған «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты
мерекелік кешіміз өз мәресіне де келіп жетті. Тәуелсіздігіміздің тұғыры
биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!



